

FTAXP 14.07.03

А.А.Изенбаев¹

¹Сулейман Демирел атындағы Университет, Қаскелең қ., Қазақстан

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫ ОҚЫРМАНДЫҚ МОТИВАЦИЯСЫН КҮШЕЙТУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Біздің мақалада оқуға және зерттеуге арналған екі жұмыс түрі ұсынылған. Біріншісі - оқуға немесе оқуға арналған құнды шығармалар. Екіншісі - сыныптан тыс оқуға арналған тізім түрінде берілген шығармалар. Алайда мұғалімде оқушыларды мұнымен шектеп қана қоймай, тәрбиелік мәні бар жаңа шығармаларды таңдап, ұсынуға деген ұмтылыс бар. Сондықтан мектеп оқушыларының көркемдік талғамын және оқу дағдыларын дамыту үшін пән мұғалімі күнделікті сабақтарда сыныптан тыс оқуға көңіл бөліп, үнемі басшылық жасап, оны жүзеге асырудың жолдарын ойластырып, бұл үшін кең өріс құруы керек. Мақалада оқушылардың оқу деңгейінің біртіндеп жоғарылауы, оқылымның жүйелі дамуы, қарапайымнан күрделіге өту, оқушылардың әдеби және мәдени білімдерін жүйелеу және одан әрі тереңдету, оқу дағдыларын дамыту көзделген.

Түйін сөздер: оқушы, оқытушы, оқыту, мотивация, кітап.

Аннотация: Наша статья предлагает два типа произведений, которые необходимо прочитать и изучить. Первый - это произведения, имеющие ценность для чтения или чтения. Второй - это произведения, представленные в виде списка для внеклассного чтения. Однако у учителя есть желание не только ограничивать учеников этим, но и отбирать и представлять новые произведения, имеющие образовательную ценность. Поэтому для развития художественного вкуса и навыков чтения у школьников учителю-предметнику следует сосредоточиться на внеклассном обучении на ежедневных уроках, обеспечивать постоянное руководство, продумывать способы его реализации и создавать для этого широкое поле. Статья предусматривает постепенное повышение уровня чтения учащихся, систематическое развитие чтения, переход от простого к сложному, систематизацию и дальнейшее углубление литературных и культурных знаний учащихся, развитие навыков чтения.

Ключевые слова: ученик, учитель, обучение, мотивация, книга.

Abstract. Our article offers two types of works that need to be read and studied. The first is the works that have a reading or reading value. The second

is the works presented as an extracurricular reading list. However, the teacher has the will not only to limit students to it, but also to select and present new works of educational value. Therefore, in order to develop the artistic taste and reading skills of schoolchildren, the subject teacher should focus on extracurricular activities in daily lessons, provide continuous guidance, consider ways to implement it, and create a broad field for it. The article is based on the principles of gradual increase of students' reading, systematic development of reading, gradual transition from simple to complex, systematization and further deepening of students' literary and cultural knowledge, development of reading skills.

Keywords: student, teacher, teaching, motivation, book.

Әдебиетті өн бойына сіңіру арқылы оқушылар әлеуметтік өмір жолына бейімделіп, өз қоршаған ортасы, заманының, әлемінің бейнесін тануға керекті түсінікпен толығады. Әдебиеттің теориялық негіздерінің тілдік дүниетаныммен аралас құбылыс екені де оқытуда өзіндік үлесін алуы тиіс. Себебі тіл де, әдебиет те қоғаммен бірге жетіліп, дамып отыратын табиғи құбылыс болып саналады. Сонымен қатар әдебиеттің өскелең адами болмыстың негізделуіне әсер ететін міндетін де тағылымдық тәрбие деп есептеу қажет. Орта мектеп оқушыларының оқырмандық қабілетін дамыту оқышылардың жас ерекшелігіне, әдебиеттегі көркем шығарманың түпкі табиғатына, бойына жинақтаған оқырмандық және өмірлік тәжірибесіне сәйкес талмай оқып-білу және соған машықтану арқылы ғана жүзеге асыруға болатын күрделі де қызықты үдеріс. Оқушы әдебиетпен неғұрлым жас кезінде танысса, оның оқырмандық қабілеті де, шығарманы тұшынып, қабылдауы да соғұрлым ерте қалыптасады. Сондықтан баланың әдебиетке басар қадамын неғұрлым ерте, бастауыш сыныбынан бастап оқушының кітап оқуға қызығушылығын арттыруға, оның оқырмандық қабілетінің дамуына жағдай жасалуы керек.

Бастауыш сынып оқушыларының көркем шығарманы түсіну мүмкіндіктері әртүрлі болатындықтан балалардың жас және жеке-даралық ерекшеліктеріне қарай оқу материалдарын жеткізудің сан алуын тәсілдері қолданылады. Балалардың болмысында көркем бейнелі ойлауға қарағанда нақты ойлау жүйесі жақсы дамиды, сол себепті шығарманы түсіну үшін олар түсініп оқуға көбірек дағдыланатын болады, бастауыш сынып оқушысының шығарманы қабылдау психологиясындағы ерекшелік те осында. Көркем шығарманы шынайы қабылдау үшін бастауыш сынып оқушыларының бойында кітап оқуға деген қажеттілікті дамыту керек. Бұл өз кезегінде мотивация арқылы жүзеге асады. Оқуға деген мотивацияны арттыру – ол оқуға деген қажеттілікпен бірге мектеп оқушыларының идеалдарын, біздің қоғамымызда қалыптасып, қабылданған өмірге деген

көзқарас құндылықтарын тәрбиелеу [5]. Яғни, бұл – оқушының белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

Ғалым А.П. Кашкаров қазіргі балалардың көркем әдебиетін оқуға деген мотивациясының пайдалы мәселесін зерттей келе «жеке тұлғаға бағытталған оқу» деген түсінікті ұсынады. Автор жеке тұлғаға бағытталған оқу әдістемесінде мынандай принциптерді ерекше атап көрсетеді:

- 1 Әуелі әрбір оқырманның бірегейлігін тану. Бұл орайда оқырманның жасы мен өмірлік тәжірибесіне және басқа да себептерге оқуға деген бейімділігінің әртүрлі екенін ескеру қажет. Бірегейлік кітапқа жеке көзқарас формасы және осы әрекеттің кейінгі нәтижесі арқылы іске асырылады.
- 2 Оқырман басқа адамның, кітап авторын қосқанда, бірегей екенін түсінеді. Адамның бірегейлік құндылығын сезіну – тек кітап оқудың ғана емес, жеке тұлғаға – бағытталған оқудың да кепілі.
- 3 Кітап арқылы, кітап беттеріндегі кейіпкерлердің іс-әрекеттерін саралау арқылы оқырман басқа көзқарасты немесе басқа адамның мотивтерін түсінуге, тіпті өзіне шақтап көруге ұмтылады, осылайша ол әлеуметтік рөлін жүзеге асырады.
- 4 Оқырманның жалпы адамзаттық жетістіктермен танысуы және қарым-қатынас орнатуы ол зерделентін көріністің, үдерістің және заттың мәнін түсініп, сезінгеннен кейін жүзеге асады. Жеке тұлғаға бағытталған кітап оқудың нәтижесі оқырманның мәдениетке, толеранттылыққа, мінез-құлықтың сыртқы стандарттарына оңтайлануына алып келуі тиіс.
- 5 Кітап оқудың жеке тұлғаға бағытталған мәні кез келген жаста бастау алуы мүмкін. Мәселен, бала кездегі, дамытатын, шығармашылық немесе танымдық оқудың негізінде жекетұлғалық бағдарлама жатыр. Онсыз баланың жеке тұлғасын толыққанды қалыптастыру мүмкін емес; әдебиет бойынша мектеп бағдарламасы аясында ерікті-мәжбүрлі үй тапсырмаларын күштеп орындау нәтиже бермейді, себебі, олар кітап оқуға деген жеке мотивациямен үйлеспейді [1].

Кітап оқуға деген жоғары мотивтің негізгі көрсеткіші - оқырмандардың авторлық бағалауды түсіну қабілеті және мәтінге деген тұрақты позитивті қатынас болып табылады.

Кітап оқуға деген ынталандыру - оқушының оқуға деген белсенді бағыты. Мысалы, егер оқушының іс-әрекеті зерттеу объектісімен жұмыс істеуге бағытталған болса, онда біз когнитивті мотивтер туралы айтуға болады (оқу процесінде өзін-өзі дамыту, басқалармен бірге яки басқалар үшін әрекет ету, жаңа, бұрын болып келген дүниелерді үйрену). Егер оқушының іс-әрекеті оқу кезінде басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға бағытталған болса, онда әртүрлі әлеуметтік мотивтер туралы әңгіме-дүкен құрылмақ [4].

Оқырман мотивациясының тұрақтылығы - бұл ұзақ уақыт бойы белсенді оқу әрекетін қамтамасыз ететін динамикалық сипаттама. Тұрақтылықтың жүйелі концепциясына сүйене отырып, зерттеушілер оны келесі сипаттамалармен кешенді түрде қарастырады: күш, көшбасшылық, іс-әрекет, процеске бағдарлану және т.б.

Оқытудың тұрақсыз мотивациясы дегеніміз - бұл үнемі сыртқы факторлардың әсерін қажет ететін мотивация (мәжбүрлеу, қорқыту, сыйақы беру, марапаттау және т.б.). Сонымен оқу:

- оң және теріс;
- сыртқы және ішкі;
- тұрақты және тұрақсыз болады.

Осы бір критерийлер нәтижесінде оқушылардың оқуға деген ынтасы жоғары екенін көрсетеді:

- оқуға деген позитивті қатынас («Мен оқығанды жақсы көремін»);
- белгілі бір кітаптарға қызығушылық («Мен бұл кітаптарды оқығым келеді»);
- оқу процесінің өзіне деген қызығушылық («Мен кітаптан бас тарта алмаймын»);
- өзгелермен кітаптан алған әсерінді бөлісуге тырысу («Мен, басқалардың бұл кітап туралы білгенін қалаймын»).

Жоғарғы сынып оқушыларының көркемдік қабылдау қабілетінің ішіндегі ең күрделілерінің бірі – оқырмандық қабілетінің дамуы. Қазақ руханиятында да бұл мәселеге ежелден назар аударылған. Мысалы, қазақ халқының ұлы ақыны және ойшылы Абай Құнанбайұды өзінің «Он бесінші қара сөзінде»: «Әуелі - пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен» - деп, «дұрыс дүниеге қызығушылық», «жалынды ізденіс» адамға өмірде өз мақсаттарына жетуге көмектеседі деп баса айтады.

Ал халқымыздың алғашқы ағартушысы, ғалым Ы. Алтынсарин Н.И. Ильминскийге жазған хатында оның оқулықтары жас оқушылардың бойында оқу дағдыларын дамыту, олардың қызығушылықтарын қанағаттандыру және кітаптар мен көркем шығармаларға деген қызығушылықты ояту мақсатында жасалғанын атап тілге тиек етіп өтеді. Қазақ ұлдары мен қыздарына анекдоттар, басқатырғыштар, ой салатын оқиғалар немесе олардың назарын аудартатын насыр түрлері дұрыс болады. Мүмкіндігінше мен қазақ өлеңдерінен мәтіндерді таңдаймын. Екінші кітабым балаларға қызықты болып, табиғат құбылыстары, табиғат күштері туралы тарихи-теориялық ғылыми әңгімелер айтқым келеді, - дейді [2].

Біздің халқымыздың ағартушылары мектеп жасындағы жастардың білімге деген сұранысы олардың қызығушылығын оятып, оқу дағдыларын дұрыс дамытқан жағдайда ғана белгілі бір нәтиже бере алатындығына ерекше назар аударды. Оқуға деген ұмтылыс, оны оқи білу және оған қызығушылық білімді игеруде маңызды рөл атқарады, әсіресе А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаевтың еңбектерінде ерекше атап өтуімізге болады.

Көркем әдебиетті оқыту арқылы жоғары сынып оқушыларының оқу қабілеттерін дамыту әдістемесі қарастырылғандықтан, мұғалім мен оқушының субъективті өзара әрекеттестігі маңызды орынға шығады. Оқырмандық қабілетті нығайту және оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында қазіргі қазақ әдебиетін оқытудың оқу бағдарламасында әдебиетіміздің дәуір кезеңдерін бейнелейтін ұлттық әдебиеттің ең таңдаулы шығармалары таңдалған деп ойлаймын. Бұл таңдау оқудың екі түрін қамтуы керек. Біріншісі - хрестоматиялық жұмыстар. Екіншісі - сыныптан тыс оқуға арналған тізім түрінде берілген шығармалар.

Бірақ, оқушыларды онымен ғана шектеп қоймай, тәрбиелік, білімдік мәні бар жаңа туындыларды сұраптап ұсынуына оқытушының толықтай еркі бар. Демек, пән мұғалімі – мектеп оқушыларының көркемдік талғамымен оқырмандық қабілетін дамыту үшін күнделікті сабақ барысында да сыныптан тыс оқуға бағыт беруі, үздіксіз басшылық жасауы, оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін қарастыруы, оған кең өрісті жоспарлар жасауы тиіс.

Осы тұста оқушылардың оқырмандық қабілетін зерттеу ісіне ғалым М.М. Рубинштейннің де үлкен үлес қосқанын атап өткен жөн. Ғалым 1950 жылы «Мектеп оқушыларының оқырмандық қызығушылығын тәрбиелеу» деген атпен ауқымды монография шығарды. Бұл еңбегінде ол оқырмандық қабілет пен кітап оқуға қызығушылықты психологиялық тұрғыдан адам ерік-жігерінің саналы әрекеті ретінде қарастырып, оған: «Осыған байланысты бірқатар шарттылық пен қызығушылықты былай анықтауға болар еді: бұл жеке адамның өзінше әсерлене, жаңалықты сезіне отырып және ерік-күшінің әрқилы дәрежедегі байланысы арқылы өзі қалаған затқа не құбылысқа эмоционалды ұмтылысы немесе бағытталуы», - деп анықтама береді [3]. Әйгілі ғалымның баланың мәдени-эстетикалық дамуын ішкі, сыртқы әрекеттестік белгілеріне қарай интерпсихикалық және интрапсихикалық категория ретінде жіктеп таратуы, соңғы ғалымдардың бұл категориялардың әрқайсысын жеке-жеке қарастыруына жол ашты. Айталық, М.М. Рубинштейннің оқушылардың оқырмандық қабілетін психологиялық тұрғыда зерттеуі сондықтан болатын.

Қазақ әдебиетін оқып үйренуде оқушылар көркем шығармаларды сауатты оқу және талдауды, өз шығармашылығында әдеби тілді сауатты қолдана білуді меңгереді. Аталған пәнді оқытуда мемлекеттік білім

стандартында белгіленген білім мазмұны және оқушылардың білім, білік, дағдалары мен құзіреттілік түріндегі күтілетін нәтижелерге жету талаптары басшылыққа алынады. «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты – қазіргі өзгермелі қоғам жағдайында өзіндік белсенділік көрсете алатын, халқымыздың тарихын, дәстүрін, өнерін, мәдениеті мен әдебиетін ұлттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей білетін, әдеби туындыда бейнелегеннен құбылысты көркем қабылдауға қажетті білім, білік, дағдылармен қаруланған, оқырмандық талғамы терең, жан-жақты дамыған, білімді, құзіретті дара тұлға қалыптастыру. «Қазақ әдебиеті» пәнін оқуда оқушылар көркем шығармалардың табиғатын таныту, оның мазмұндық-құрылымындық сипаттарын ажырата білу және әдебиеттің сөз өнері ретіндегі құдіретін дәйектей алу дағдаларын игереді, сөйтіп мектепте әдебиетте оқыту қазақ әдебиеті бойынша біртұтас жүйелі білім негіздерін меңгеруге құрылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Кашкаров А.П. Личностный интерес ребенка // Вестник детской литературы. – Спб.,2013.-Вып.2. – С.39-41.
- 2 Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы, 2003. – Б.87-88.
- 3 Рубинштейн М.М. Воспитание читательских интересов у школьников. – М., 1950.– 292с.
- 4 Сүлейменова Қ.Қ. Оқушылардың оқырмандық қабілетін дамыту – әдебиетті оқыту әдістемесіндегі маңызды мәселе //Қазақстанның ғылымы мен өмірі «Филология» сериясы. –Астана, 2018.– №4 (61). – Б.150-152.
- 5 Тамаев А. Әдебиет сабақтарында жоғары класс оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру: пед.ғыл.канд. ... дис. – Алматы, 1995. – Б. 170-174.